



**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 6 мамырдағы № 80-VIII ҚРЗ.

2022 жылғы 28 қазанда Астанада жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. ТОҚАЕВ*

Бейресми аударма

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы**

**КЕЛІСІМ**

Ресми түрде расталған мәтін

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

2015 жылғы 16 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімнің ережелерін ескере отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Халықаралық медициналық-санитариялық қағидаларды (2005 ж.) енгізу және қауіпті инфекциялық аурулардың немесе жаппай инфекциялық емес аурулардың (уланулардың) көріністеріне немесе биотеррористік актілердің жасалу қаупінің, сондай-ақ халықаралық мәні бар қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы өзге де оқиғалардың орын алуына байланысты қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде инфекциялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі стратегиясын іске асыру шеңберінде әрекет ете отырып,

қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру және кеңейту ниетін басшылыққа ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттің аумағын, оның ішінде мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалардың көмегімен санитариялық қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуді талап ететін санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдағы ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындай отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын іргелес мемлекеттердің аумақтарында төтенше жағдайдың таралуымен және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде мемлекетаралық тасымалдар мен сауда үшін шектеулер тәуекелімен байланысты санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауынан және олардың ықтимал салдарларынан қорғауға өзара мүдделерін негізге ала отырып,

**төмендегілер туралы келісті:**

## **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер пайдаланылады:

**Тараптар мемлекеттері** - осы Келісімге қатысушы мемлекеттер;

**қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдай (бұдан әрі - төтенше жағдай)** - аумақты санитариялық қорғау бойынша ұлттық және/немесе халықаралық деңгейде үйлестірілген жауап шараларын талап ететін қауіпті инфекциялық немесе жаппай инфекциялық емес аурулардан (уланулардан) туындаған айрықша оқиға;

**мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалар** - Тараптар мемлекеттерінің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша міндеттерді шешуге қабілетті білікті кадр құрамы бар, заманауи диагностикалық, ақпараттық технологиялар мен жабдықтарды пайдаланатын, тұрақты әзірліктегі және шұғыл ден қоятын, дербес жұмыс істейтін мобильді құралымдары;

**сұрау салушы Тарап** - төтенше жағдайлардың алдын алуда және/немесе оларды жоюда өзіне көмек көрсету туралы сұрау салумен жүгінетін Тарап;

**ұсынушы Тарап** - сұрау салушы Тараптың сұрау салуы бойынша көмек көрсететін Тарап;

**құзыретті орган** - Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамаға сәйкес төтенше жағдай аймағында эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шараларды жүргізуге және осы Келісімді іске асыруға жауапты органы;

**жарақ** - төтенше жағдайдың алдын алуға және оны жоюға арналған мүлік, материалдар, техникалық және көлік құралдары, мамандандырылған эпидемияға қарсы бригаданың зертханалық жабдығы, бригада мүшелерінің жеке мүлкі, байланыс құралдары, дәрі-дәрмектер және басқа да қажетті мүлік;

**шығыс материалдары** - төтенше жағдайды жою бойынша жұмыста жұмсалатын мүлік (тест-жүйелер, диагностикалық препараттар, зертханалық пластик, жеке қорғану құралдары, дезинфекциялық құралдар, жанар-жағармай материалдары және с.с.);

**транзит мемлекеті** - мамандандырылған эпидемияға қарсы бригада жүріп өтетін Тарап мемлекетінің аумағы.

## **2-бап**

Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында трансшекаралық таралу әлеуетімен төтенше жағдай туындаған немесе оның туындау қаупі төнген жағдайда, осы Тарап төтенше жағдайдың туындау фактісі туралы басқа Тараптардың құзыретті органдарына, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің осы саладағы тиісті базалық ұйымына хабар береді.

Шұғыл ақпаратты беру тәртібін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кеңесі айқындайды.

## **3-бап**

Аумағында төтенше жағдай туындаған Тараптардың бірінің мемлекеті көмек беру туралы сұрау салумен басқа Тараптың мемлекетіне немесе Тараптар мемлекеттеріне өтініш жасаған жағдайда төтенше жағдайды жою үшін басқа Тараптар мемлекеттерінің мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалары тартылуы мүмкін.

Мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалар мынадай:

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы бір мемлекеттің күшімен және құралдарымен жою мүмкін болмайтын төтенше жағдайларда және тек сол мемлекеттің өтініші бойынша;

аумақтарына төтенше жағдайлар әсер еткен мемлекеттермен келісу бойынша трансшекаралық таралатын және төтенше жағдайлардың салдарларын жою жөніндегі келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыруды талап ететін төтенше жағдайларда қолданылады.

## **4-бап**

Тараптар бір-біріне өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес және ерікті негізде көмек көрсетеді.

Көмек көрсету шарттары, сұрау салынатын көмектің түрлері мен көлемі, мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалардың ұйымдық құрылымы мен жеке құрамының саны, сондай-ақ техникалық құралдардың түрлері бойынша жасақталуы әрбір нақты жағдайда сұрау салушы және ұсынушы Тараптардың уағдаластығы бойынша айқындалады.

Тараптардың бірінің мемлекетінің мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларының басқа Тарап мемлекетінің аумағындағы төтенше жағдайды жоюға қатысуы сұрау салушы Тараптың заңнамасына, осы Келісімге сәйкес және Тараптар мемлекеттерінің арасында жасалатын екіжақты халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

#### **5-бап**

Тараптардың бірінің мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларының басқа Тарап мемлекетінің аумағындағы төтенше жағдай аймағына өтуі автокөлік құралдарымен, теңіз, өзен, теміржол немесе авиация көлігімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Тараптардың бірінің мемлекеті аумағындағы төтенше жағдайды жою бойынша міндеттерді орындау кезінде мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде жасалған халықаралық шарттарды, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасында жасалған екіжақты келісімдерді, сұрау салушы Тараптың ұлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

Мамандандырылған эпидемияға қарсы бригада төтенше жағдайды жою жөніндегі іс-қимылдар ауданында сұрау салушы Тараптың басқару органдарының бұйрықтары мен өкімдерін орындауға міндетті.

#### **6-бап**

Сұрау салушы Тарап өз мемлекетінің заңнамасы шеңберінде және екіжақты халықаралық шарттарға сәйкес мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларды мемлекеттік шекара арқылы басымдықпен өткізу бойынша қажетті шараларды жүзеге асырады, сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумағы бойынша төтенше жағдай аймағына жүріп-тұру кезінде күзетуді қоса алғанда, оларды алып жүруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және/немесе оларды жою мақсатында пайдаланылатын жабдықтар мен мүлікті ұсынушы Тарап мемлекетінің аумағына қайтару кепілдіктерін береді.

#### **7-бап**

Мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалардың мүшелері сұрау салушы Тарап мемлекетінің мемлекеттік шекарасын шекараны кесіп өтуге құқық беретін және сұрау салушы Тарап осы тұрғыда танитын жарамды құжаттар бойынша Тараптар келіскен, халықаралық қатынас үшін ашық өткізу пункттері арқылы кесіп өтеді. Мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалардың басшыларында көмек көрсету туралы өтініші бар сұрау салушы Тараптың шақыру қағазының көшірмесі, бригада

мүшелерінің тізімі және сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумағындағы төтенше жағдайдың алдын алу және/немесе оны жою үшін мамандандырылған эпидемияға қарсы бригаданы іссапарға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесі болуға тиіс.

## **8-бап**

Жарақтар мен шығыс материалдарын Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік (кедендік) шекаралары арқылы өткізу, оның ішінде Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзитпен өткізу кедендік ресімдеуді (кедендік операцияларды жасайтын) және кедендік бақылауды жүзеге асыратын кеден органына ұсынушы Тарап мемлекетінің құзыретті органы көрсетілген жарақтар мен шығыс материалдары төтенше жағдайлардың алдын алу және/немесе оларды жою және мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында өткізілетіні туралы растай отырып, расталған жарақтар мен шығыс материалдарының тізбесін ұсынған кезде сұрау салушы Тараппен/транзит мемлекетімен келісілген өткізу пункттерінде бірінші кезектегі (басым) тәртіппен жүзеге асырылады.

Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік (кедендік) шекаралары арқылы өткізілетін, оның ішінде Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзитпен өткізілетін жарақтар мен шығыс материалдары Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және қатысушылары Тараптар мемлекеттері болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес кедендік баждарды, кедендік алымдар мен салықтарды төлеуден босатылады.

Сұрау салушы Тарап мемлекетінің/транзит мемлекетінің кеден органдары сұрау салушы Тарап мемлекетінің/транзит мемлекетінің кедендік шекаралары арқылы әкелінетін (әкетілетін) жарақтар мен шығыс материалдарына қатысты кедендік ресімдеуді (кедендік операцияларды жасайды) және кедендік бақылауды Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және қатысушылары Тараптар мемлекеттері болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес бірінші кезектегі тәртіппен жүзеге асырады.

Мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалардың мүшелері Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жеке пайдалануға арналған тауарларды транзит мемлекеттерінің аумақтары арқылы әкеле алады және транзитпен өткізе алады.

## **9-бап**

Тараптар өз заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумағына бара жатқан ұсынушы Тараптың мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларының, жарақтары мен шығыс материалдарының өз аумақтары арқылы кедергісіз транзитіне септігін тигізеді.

## **10-бап**

Төтенше жағдайды жою жөніндегі іс-қимылдар ауданындағы мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларға жалпы басшылықты аумағында төтенше жағдай туындаған Тараптың мемлекеті тағайындаған құзыретті орган жүзеге асырады.

Мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларды тікелей мақсатынан тыс қолдануға жол берілмейді.

### **11-бап**

Мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалар төтенше жағдайды жою жөніндегі басқару органымен, құзыретті органмен төтенше жағдай аймағында эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шараларды жүргізу, штабтардың отырыстарына қатысу және жедел ақпарат алмасу, шығыс материалдары мен тамақ өнімдерінің қорларын толықтыруға жәрдем көрсету, олардың орналасқан жерін қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

### **12-бап**

Мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалар мүшелерінің еңбегіне ақы төлеуге, бригадалардың жеке құрамы мен мүлкін сақтандыруға ақы төлеуге арналған шығыстар, сондай-ақ мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларды төтенше жағдай аймағына және одан кері тасымалдауға арналған шығыстарды ұсынушы Тарап көтереді.

Сұрау салушы Тарап медициналық көмек көрсету бойынша шығыстарды, оның ішінде бара жатқанда немесе кері қайтқанда төтенше жағдайлардың алдын алу және/немесе оны жою кезінде көмек көрсету бойынша міндеттерді орындау кезінде мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалар мүшелерінің науқастануымен, жарақат алуымен немесе қайтыс болуымен байланысты көлік шығыстарын көтереді.

### **13-бап**

Төтенше жағдай аймағындағы жұмыс кезінде мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадаларды шығыс материалдарымен және тамақ өнімдерінің қорларымен қамтамасыз ету және толықтыру, орналасқан жерді қорғау мәселелері сұрау салушы және ұсынушы Тараптар мемлекеттерінің арасындағы халықаралық шарттардың негізінде, сондай-ақ олардың заңнамасына сәйкес шешіледі.

### **14-бап**

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалар тартылған кезде олардың жұмысының негізгі бағыттары:

клиникалық материалда және қоршаған орта объектілерінде инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын анықтау (индикациялау және сәйкестендіру), қоршаған ортаны, тамақ өнімдері мен тамақ шикізатын санитариялық-микробиологиялық бақылау;

қауіпті инфекциялық аурулардың эпидемиялық ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге қатысу;

сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумақтық органдары мен санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі мекемелеріне, медициналық ұйымдарына консультативтік-әдістемелік және практикалық көмек көрсету болып табылады.

## **15-бап**

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалардың эпидемиологиялық жұмыс технологиясына, зертханалық диагностикаға, эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге қатысты бөлігінде жұмыс істеуі сұрау салушы және ұсынушы Тараптар мемлекеттерінің арасындағы халықаралық шарттар негізінде, сондай-ақ олардың заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **16-бап**

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және/немесе оларды жою саласындағы тұрақты ынтымақтастықты дамыту мақсатында Тараптар:

төтенше жағдайлар кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізуді регламенттейтін нормативтік құқықтық және басқа да құжаттармен алмасады;

мамандандырылған эпидемияға қарсы бригадалардың мамандарын бірлесіп даярлау, оқу-жаттығулар өткізу мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады;

төтенше жағдайлар кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы ақпарат алмасады.

## **17-бап**

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын, тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## **18-бап**

Осы Келісімді қолдану және/немесе түсіндіру кезінде туындайтын Тараптар арасындағы даулы мәселелер мен келіспеушіліктер мүдделі Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

## **19-бап**

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тараптар үшін осы Келісім тиісті құжаттарды депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## **20-бап**

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін қосылу туралы құжатты депозитарийге беру жолымен оған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық болады.

Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## **21-бап**

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы өзінің осы Келісімнен шығатын ниеті туралы депозитарийге шыққанға дейін алты айдан кешіктірмей жазбаша хабарлама жібере отырып және осы Келісімнің қолданылуы уақытында туындаған міндеттемелерді реттеп, одан шығуға құқылы.

2022 жылғы 28 қазанда Астана қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

*Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін*

*Армения Республикасының Үкіметі үшін*

*Беларусь Республикасының Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін*

*Молдова Республикасының Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Түрікменстанның Үкіметі үшін*

*Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Украинаның Үкіметі үшін*

**2022 жылғы 28 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы**



**санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімге**

## **ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ**

Әзербайжан Республикасы өзін 2015 жылғы 16 қазандағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім ережелерімен байланысты санамайды, себебі оның қатысушысы болып табылмайды.

Осы Келісімнің ережелерін Армения Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы жанжалдың салдарлары толық жойылғанға және қарым-қатынастар қалыпқа келтірілгенге дейін Әзербайжан Республикасы Армения Республикасына қатысты қолданбайтын болады.

*Әзербайжан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Али Асадов*

## **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық- эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімге АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ПІКІРІ**

Әзербайжан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімге ерекше пікірін білдіруіне байланысты Армян тарапы мынаны атап өту қажет деп санайды.

Армения Республикасы осы құжаттың ережелерін 2020 жылғы 9 қарашадағы, 2021 жылғы 11 қаңтардағы және 26 қарашадағы Армения Республикасы, Ресей Федерациясы және Әзербайжан Республикасы көшбасшыларының үшжақты мәлімдемесі шеңберінде бекітілген барлық уағдаластықтарды іске асыру, Әзербайжан Республикасының Армения Республикасының басып алған аумақтарын толық босатуы, агрессияның салдарларын толық жою және нагор-карабах қақтығысын БҰҰ Жарғысында бекітілген мақсаттарға қол жеткізу мүддесінде халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаттарына сәйкес саяси-дипломатиялық жолмен шешу қорытындылары бойынша Әзербайжан Республикасына қатысты қолданатын болады.

*Армения Республикасының  
Вице-Премьері*

*М.Г. Григорян*

Осымен қоса беріліп отырған мәтін 2022 жылғы 28 қазанда Астана қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары кеңесінің отырысында қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімнің теңтүпнұсқалы көшірмесі болып табылатынын куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

*ТМД Атқарушы комитеті төрағасының -  
Атқарушы хатшысының бірінші орынбасары*

*Л.В. Анфимов*

Осымен 2022 жылғы 28 қазанда Астанада жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі мәтінге теңтүпнұсқалы екенін растаймын.

*Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау вице-министрі*

*А. Есмағамбетова*